

**Қазақстан - Корея:  
Іскерлік байланысты  
дамутуға мүмкіндік мол**



**3-БЕТ**

**Мүгедек жанарға  
ерекше көзқарас қажет**



**4-БЕТ**

**Соңғы қоңырау**



**8-БЕТ**



**• СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ**

**Сәкен АБДОЛЛА,**  
Қазақстан Республикасы Жоғарғы  
Сотының судьясы, Судьялар  
одағының төрағасы:

**«СУДЬЯ ӘДЕБИ  
КОДЕКСІН  
ЖАҢҒЫРТУ –  
ЗАМАН  
ТАЛАБЫ»**

– Судьялар қауымдастығы ара-  
сында Судья әдеби кодексінің жо-  
басы белсенді түрде талқылануда.  
Қазылардың мінез-құлқы жөніндегі  
этикалық қағидалы жаңғырту  
нәтижесінде маңызды болып отыр?

– Судьялар қауымдастығы қалыптас-  
қан кезеңнен бастап-ақ судья әдеби мәсе-  
лелерін реттеуге жіті назар аударылу-  
да. Судья әдеби кодексі – судьялардың  
кәсіби және қызметтен тыс өміріндегі  
мінез-құлықтарының этикалық ереже-  
лерін анықтайтын сот қауымдастығының  
маңызды құжаттарының бірі. Ең алғашқы  
Әдеп кодексі 1996 жылғы 19 желтоқсанда  
өткен судьялардың бірінші съезінде қа-  
былданды. Кодекс бар болғаны 7 бапты  
қамтыса да, бұл судьялар корпусының  
ар-ождан қағидаларын бекітуге, этика-  
лық міндеттемелерді қабылдауға және  
осы қағидаларға лайық болуға әзір екенін  
мәлімдеуге бағытталған қадам еді.

– Бұл кодексті жаңартуға не  
түрткі болды? Әдеп нормала-  
ры жалпыға ортақ қабылданған,  
бұлажымас қағида емес ме?

– Расында, талқылаудағы Судья әдеби  
кодексінің жобасы бұған дейін төрт рет  
жаңғыртуды басынан кешірді. Мәселен,  
1996, 2009 және 2016 жылдары судья  
әдебінің жаңа редакциядағы кодекстері  
қабылданған болатын. Ал қазір Кодекстің  
жаңа редакциясының мәтіні бойынша ке-  
зекті жұмыстар жүргізіліп жатыр.

Судьялар қауымдастығының маңыз-  
ды құжатын жаңартып тұрудың бірнеше  
себебі бар. Ол құқықтық доктрина, заңна-  
ма талаптарының өзгеріп тұруы, жаңа  
халықаралық стандарттардың жарияла-  
нуына сай. Сондықтан Кодекс ережелерін  
қайта қарастыру қажеттілігі туындап  
отыр. Жалпы кодекстегі нормаларды  
өзгертілген заңнамалармен, жаңа халықа-  
ралық стандарттармен сәйкестендіру,  
судьялардың өздеріне қабылдайтын тый-  
ымдар мен шектеулерді қайта пайымдап  
тұру – өмірдің заңдылығы.

Мысалы, 1996 жылғы Судья әдеби ко-  
дексінде судьялар іс бойынша бейтарап-  
тықты сақтап, істерді қарау барысында  
кез келген жағдайда өз пікірін білдіруден  
бас тартып және сот қызметкерлерінен де  
соны талап етуі керек деп түсіндірілген.

(Соңы 5-бетте)

**ЗАН** газеті

ZANMEDIA.KZ Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

✉ zangazet@mail.ru

№45 (3674)  
18 маусым 2024



**• БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ**

**ЖАҢА ТҮЗЕТУЛЕР  
СОТ ЖҰМЫСЫНЫҢ САПАСЫН  
АРТТЫРУДЫ КӨЗДЕЙДІ**



Судьяларға қатысты өрескел заң бұзушылық фактілері бойынша істі қарау барысына жаңа тетік енгізілмек. Соған сәйкес, Сот  
жюриіне материалдарды тексеру құзыреті беріледі. Бұл судьялар тарапынан заң бұзушылықтарды болдырмауға оң әсерін тигізеді деп  
күтілуде. Ең бастысы, судьялардың Сот жюриіне іс жіберілгенге дейін барлық материалмен танысуына кепілдік берілді. Бұл жөнінде  
Парламент Палаталарының бірлескен отырысында мәлім болды.

(Соңы 3-бетте)

**• ЖАҢА ЗАҢ**

Елімізде тұрмыстық зорлық-зомбылыққа тосқауыл қою бағытында кешенді жұмыстар жүргізіліп жатыр. Соның нәтижесінде зорлық-зомбылық фактілері жыл сайын азайып келеді. Бірақ нәтиже әлі де көңіл көншітпейді.

Ішкі істер министрлігі келтірген статистикалық деректер де бұл бағыттағы жұмыстарды барынша жетілдіре түсу керектігін көрсетеді. Дегенмен оң өзгеріс бар. Мәселен, еліміздің полиция органына тұрмыстық зорлық-зомбылық дерегі бойынша 2020 жылы 179 096, 2021 жылы 155 177 қоңырау түскен. Кейінгі жылдары күшейтілген шаралардың әсерінен қоңыраулар саны да азайғаны байқалады. Айталық, 2023 жылы 99 026 адам полиция органына хабарласса, 2024 жылдың төрт айында 28 189 адам полицияға қоңырау шалған. Бірақ бұл отбасындағы әлімжеттік жойылып кетті деген сөз емес. Себебі тұрмыстық-отбасылық ортадағы қылмыстық құқықбұзушылықтар, соның ішінде денсаулыққа ауыр зиян келтіру және кісі өлтіру деректері айтарлықтай азаймады. Мысалы, 2020 жылы 1071 оқиға орын алса, 2021 жылы оның саны 1022 болған. Мемлекет тарапынан ақпараттық түсіндіру жұмыстары тұрақты жүргізілгеніне қарамастан,

жақындарына күш көрсетудің 2022 жылы 935, 2023 жылы 923 дерегі тіркеліп отыр. Осы сандардың өзі тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қатысты жазаны қатайтып, отбасы құндылығын арттыру бағытындағы жұмыстарға барынша көңіл бөлу қажеттігін алға шығарады.

2023 жылы заңға өзгеріс енгізіліп, нәтижесінде тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарының арызынсыз іс қозғап, құқық бұзушыны жауапқа тарту тетігі енгізілгені белгілі. Себебі жәбірленушілердің көбі үйдегі жанжалды сыртқа шығармауды құп көреді. Ал жәбірленуші арызынсыз іс қозғау нәтижесінде әкімшілік құқықбұзушылық бойынша жауапқа тартылғандар саны атты.

2024 жылдың 14 сәуірінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев әйелдер құқығын қорғау және балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша әзірленген заңға қол қойды.

(Соңы 3-бетте)

**ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚҚА  
ЖОЛ ЖОҚ!**



• ҚЫЗМЕТ

## БАНКРОТ ДЕП ТАЛУДЫҢ ТӘЖІРИБЕСІ

«Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» заңының қабылданғанына бір жылдан асты. Осы заңға сай, қарызын төлей алмай отырған еліміздегі мыңдаған азамат 2023 жылдың наурыз айынан бастап банкроттыққа арыз бере бастады. Қазіргі таңда заң аясында жұмыстар жүргізіліп жатыр. Соңғы мәліметке сенсек, елімізде он мыңға жуық адамның қарызы жойылып, банкрот деп танылған.

Банкроттық белгілі бір деңгейде азаматтарымыздың құқығын қорғауға бағытталғанымен, екінші жағынан онда қарыз иесінің жауапкершілігін көтеру мәселесі де қарастырылған. Сот шешімі арқылы өзін банкроттыққа өтінім беруден шектеледі. Оған қоса үш жылға дейін барлық қаржылық әрекеттері тиісті орындардың бақылауында болады. Оның әсері ары қарай жеке бизнесінің жүргізуге айтарлықтай кедергі келтіреді. Банкроттық үшін сотқа жүгінген азаматтың банкроттық процедурасы жүріп жатқан тұста сот шешімі шыққанға дейін елден

шығуына болмайды. Сондықтан азаматтарымыз өзін банкроттық деп жариялауға әрекет етпес бұрын осы жақтарын нақтылап түсініп алуы керек. Өйткені алдағы уақытта оның қаржылық қабілеті үнемі сыналып отырады.

Осы орайда атап өтер жайт, банкроттық мәселесі қатаң қадағалауға жарамайды. Оған бөлек ол азамат жеті жылға дейін екінші рет банкроттыққа өтінім беруден шектеледі. Оған қоса үш жылға дейін барлық қаржылық әрекеттері тиісті орындардың бақылауында болады. Оның әсері ары қарай жеке бизнесінің жүргізуге айтарлықтай кедергі келтіреді. Банкроттық үшін сотқа жүгінген азаматтың банкроттық процедурасы жүріп жатқан тұста сот шешімі шыққанға дейін елден

Сот банкроттығының мақсаты



Жанар ЖУБАТОВА,  
Ақтөбе қалалық сотының судьясы

банкроттың мүлкіктің массасы есебінен кредиторлардың талаптарын барынша қанағаттандыру болып табылады.

Егер жалғыз тұрғын үй кепілзаты болып табылса, онда кредитор оны қайтарып алуға құқылы.

Жалғыз баспана кепіл болмаса, кредиторлар оны талап ете алмайды. Жалпы, банкроттық – еліміздің азаматтарының қаржылық қиындығын шеше отырып, халықтың қаржылық жауапкершілігін арттыру бағытындағы оңтайлы шешім.

• ЖЕГІҚҰРТ

«ҚР мемлекеттік қызметі туралы» заңы мемлекеттік қызметтің «мансаптық» моделіне көшуді қамтамасыз етті, ашық конкурстық іріктеу және жоғарылату тетіктері арқылы меритократия қағидаларын енгізді. Командаларды ауыстыру шарттары қысқартылды, мемлекеттік қызметшілердің қызметін бағалау жүйесі түбегейлі қайта қаралды, қызмет нәтижелері бойынша еңбекақы төлеудің жаңа жүйесі сынақтан өтті.

## АШЫҚТЫҚ СЫБАЙЛАСТЫҚТЫҢ ЖОЛЫН КЕСЕДІ

Сыбайлас жемқорлықпен күресудің маңызды факторларының бірі – қазіргі таңда бизнес-процестерді автоматтандыру. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы адамдарға мемлекеттік қызметтерді алуға ыңғайлы болу үшін және мемлекеттік органдармен байланысу кезінде тікелей байланысты жоюға арналған.

Бүгінгі таңда мемлекеттік қызметтерді «бір терезе» қағидасы бойынша алуға болады. Сізге тек халыққа қызмет көрсету орталықтарына немесе

электрондық үкімет порталы (www.egov.kz), сотқа құжаттарды жолдау үшін сот кабинеті (www.sud.kz) арқылы хабарласу жеткілікті.

Алдын алу шараларымен қатар сыбайлас жемқорлыққа жауапкершілік пен жазаның бұлтартпастығын қамтамасыз ету де күшейтілді. Сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған тұлғаларға мемлекеттік қызметке және квазимемлекеттік сектор субъектілеріне жұмысқа тұруға өмір бойына тыйым салынды.

Сыбайлас жемқорлық елдің қорғаныс қабілеті деңгейінің төмендеуімен қатар мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігіне төнетін маңызды қатерлердің бірі болып табылады. Бұл мәселеге Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметі тарапынан ерекше көңіл бөлінуде. Мемлекетте сыбайлас жемқорлықты жою өмірдің барлық салаларына оң әсер етеді.

КАБЕНОВА,  
Астрахань аудандық соты әкімшісінің басшысы  
АҚМОЛА ОБЛЫСЫ



## ЖАРНАМА

### ТАРАТУ

2. «Әдемі Мөлдiр» ауылшаруашылық өндiрiстiк кооперативi, БСН 230240019368, өзiнiң таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзiм iшiнде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, БҚО, Орал қаласы, Деркөл кентi, Ыбырай Алтынсарин көшесi, 43/1 үй.

3. «Горизонт Транс» жауапкершiлiгi шектеулi серiктестiгi (БСН 020240019368) өзiнiң ерiктi түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзiм iшiнде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы, «Промзона» ықшамауданы, үй н/ж.

4. «НСКР» ЖШС, БСН 230940030388, өзiнiң таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзiм iшiнде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Түркiсбi ауданы, Р. Зорге көшесi, 10 үй, 19 пәтер. Тел. 87017755359.

5. «F&B group company» ЖШС, БСН 230940028435, өзiнiң таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзiм iшiнде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы облысы, Қарасай ауданы, Қаскелен қаласы, Бәйтерек көшесi, 11 үй. Тел. 87022162124.

6. «Норф Каспiан Инжиниринг» ЖШС, БСН 101040015853, өзiнiң таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзiм iшiнде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, 060011, Атырау облысы, Атырау қаласы, Әбiлқайыр хан көшесi, 17 үй. Тел. 87017613503.

7. Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 25.01.2021 жылғы №4360-20-00-2/1849 шешiмi негiзiнде «СерАсҚаржы» несие серiктестiгi жауапкершiлiгi шектеулi серiктестiгi (БСН 140640018319) өзiнiң таратылатыны туралы хабарлайды. Несие берушiлердiң талаптары осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзiм iшiнде мына мекенжайда қабылданады: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кентi, Жалдыбай жйрау көшесi, 37 үй.

### МҰРАҒЕРЛІШ

8. 2024 жылғы 05 сәуірде қайтыс болған азамат Утеков Садирбай Қайлибаевичтің атына мұралық іс ашылды. Барлық мұрагерлердің мұраны қабылдау үшін нотариус Е.К. Ризуановқа хабарласуларын сұраймыз. Мекенжайы: Есік қаласы, Токатаев көшесі, 105А, тел. 87053022758.

### ӘРТҮРЛІ

10. Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігі Су шаруашылығы комитетінің «Қазсуар» ШПҚ РМҚ-ның Ақмола филиалының «Табиғи монополиция туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабының 9-тармағына сәйкес, 2023 жылдың бірінші жартыжылдық қорытындысы бойынша тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдында бекітілген тарифтік сметаның орындалуы туралы, бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы, реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапа мен сенімділік көрсеткіштерінің сақтау және реттеліп көрсетілетін қызметтерді (Астана, Сілеті, Преображенск гидротранспортирның гидротехникалық құрылыстары көмегімен жер үсті ағынын реттеу жөніндегі қызметтер) ұсыну жөніндегі қызмет тиімділігінің көрсеткіштеріне қол жеткізу туралы жыл сайынғы есеп бойынша жария тыңдаулар өткізіледі.

Есепті өткізу күні мен орны: 2024 жылғы 11 шілде күні сағат 11.00, Астана қаласы, Дүкенді көшесі, 23/1 кенсе.

Тыңдауларға тұтынушылар мен олардың қоғамдық бірлестіктерінің, бұқаралық ақпарат құралдарының және басқа да мүдделі тұлғалардың өкілдері шақырылады.

Жария тыңдауға онлайн қосылуға болады (конференция ZOOM-да): <https://us05web.zoom.us/j/3323287160?pwd=PR33hnc6eUng70XxoygFJRuBLLaqV.1&omn=81602461152>

Конференция идентификаторы: 332 328 7160. Кіру коды: 882024. Байланыс телефоны: 8(7172)248535 (ш.113).

### 9. КОНКУРС ӨТКІЗІЛЕДІ!

1. «Қызылорда облысының жолшылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» КММ 2024 жылғы 18 шілдеде Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, құрылыс №1, Қызылорда облысы әкімдігі ғимаратының 4 қабат, 429 каб. жолшылар мен багаждық автомобильмен республика ішкі тасымалдау маршруттарына қызмет көрсету құқығына арналған конкурсты өткізу туралы хабарлайды.

2. Конкурсқа мынадай маршруттардың пакеттері (маршруттар) шығарылады:

2.1 Ауданаралық (қалааралық облыс ішілік) тұрақты автобус маршруттары: Шиели-Қызылорда, Жөлек-Қызылорда, Бала би-Қызылорда, Қызылорда-Теренөзек, Қызылорда-Шіркейлі, Қызылорда-Қоғалыкөл, Теренөзек-Қызылорда, Шіркейлі-Қызылорда, Н. Лиясов-Қызылорда, Шаған-Қызылорда, Ақжарма-Қызылорда, Қызылорда-Жалағаш, Жалағаш-Қызылорда, Таң-Жалағаш-Қызылорда, Шаменов-Жалағаш-Қызылорда, Далдабай-Жалағаш-Қызылорда, Еңбек-Жалағаш-Қызылорда, Марзабай-Жалағаш-Қызылорда, Бұхарбай-Жалағаш-Қызылорда, Бұхарбай-Жалағаш-Қызылорда, Мақпалкөл-Жалағаш-Қызылорда, Жаңаталап-Жалағаш-Қызылорда, Ақарық-Қызылорда, Ақтөбе-Қызылорда, Ақжар-Қызылорда, Тұрмағамбет-(Ақжар)-Қызылорда, Жанажол-Қызылорда, Қармақшы-(Қызылтам)-Қызылорда, Жосалы-Қызылорда, Төретам-Әйтеке би, Әйтеке би-Төре-

там, Әйтеке би-Арал, Арал-Төретам, Арал-Әйтеке би, Қамбаи-(Ақбай)-Әйтеке би, Жаңақорған-Түркістан, Қызылжар-Әйтеке би, Қаратөре-Әйтеке би, Қарашалаң-Әйтеке би, Бөген-Қызылорда.

2.2 Облысаралық қалааралық тұрақты автобус маршруттары: Әйтеке би-Ақтөбе, Жаңақорған-Түркістан, Жаңақорған-Жанарық-Түркістан, Қожақент-Түркістан, Түгіскен-Түркістан, Төретам-Түркістан, Арал-Әйтеке би-Түркістан, Қызылорда-Тараз.

3. Конкурсқа меншік нысанына қарамастан, меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде автокөлік құралдары бар кез келген жеке және заңды тұлғалар қатысады.

4. Конкурсқа қатысуға тілек білдірушілер «Қызылорда облысының жолшылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» КММ конкурстық құжаттардың жиынтығын алуға жазбаса өтінімді Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, құрылыс 1, Қызылорда облысы әкімдігі ғимаратының 4 қабат, 429 каб. бойынша ұсынуы тиіс.

5. Конкурстық құжаттарды алуға өтінімдерді қабылдаудың және Конкурсқа қатысуға өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі: 2024 жылғы 3 шілде сағат 18.00 дейін.

6. 2024 жылғы 21 маусым сағат 16.00-де конкурстық Комиссия конкурсты өткізу мәселелері жөніндегі конкурс алдындағы конференция өткізеді.

7. Анықтама алу үшін телефондары: 8 (7242) 60-54-75, 60-54-77.

### «Қазпочта» арқылы газетке жазылу нұсқаулығы

- 1 «Қазпочта» мобильді қосымшасын жүктеу
- 2 «Басылымдарға жазылу» бөліміне өтіңіз
- 3 «Заң газетін» тауып, таңдау
- 4 Қажетті мерзімді таңдау
- 5 Төлем жасау

Ең алдымен Google Play/AppStore арқылы «Қазпочта» ресми қосымшасын жүктеп алыңыз

Бұл батырма басты бетте «жаңа» ерекшелік белгісімен көрсетілген

Егер тілімнен табу қиындық туындаса, жоғарыдағы іздеу формасы арқылы іздеп көріңіз

Газетке қанша айға жазығыңыз келетінін белгілеп, «Сетбекте қозу» батырмасын басыңыз. Келесі бетте тапсырысыңызды растаңыз

Ыңғайлы төлем әдісін таңдап, төлем жасаңыз

Байланыс нөмері  
1499

### ҚҰЛАҚҚАҒЫС!

ХАБАРЛАНДЫРУ БЕРУДІҢ ТӨТЕ ЖОЛЫ  
«ЗАҢ» Медиа-корпорациясының жарнама бөліміне хабарласыңыз немесе [zapreklama@mail.ru](mailto:zapreklama@mail.ru) электронды поштасына жолдаңыз.

ТЕЛЕФОН: 292 43 43, 8 708 929 9874

11. Алматы қаласы Жетісу аудандық сотында Алматы қаласы, Бөкейханов көшесі, 158 үй, 5 пәтерде тұратын Бережко Марина Сергеевнаның өтінішімен бұрын Алматы қаласы, Жетісу ауданы, Бөкейханов көшесі, 158 үй, 5 пәтерде тұрған, 01.06.1976 жылы 01 маусымда туған бауыры Теличко Павел Сергеевичті хабарсыз кетті деп тұрағы азаматтық іс қозғалды. Соңғы жұмыс орны: Алматы қаласы, Жансүгіров көшесі, 223 мекенжайында орналасқан AVKO TRADE HOUSE ЖШС. Аталған азаматтық жүрген-тұрған жерін білетін жандардың осы хабарландыру жарияланғаннан кейін үш ай мерзімде Алматы қаласы Жетісу аудандық сотына хабарласуын сұраймыз. Мекенжайы: Алматы қаласы, Сейфуллин даңғылы, 286, тел. 87751970918, эл. 7273812.

12. Сауда-саттыққа Range Rover автокөлігі, 2007 ж.ш., кара түсті, Көкшетау қаласы, Ақан сері көшесі, 92 мекенжайы бойынша жарияланды, кепілдік жарна қарастырылмаған, бастапқы сома 3 827 000 теңге, аукцион өткеннен кейін 5 жұмыс күні ішінде төленеді. Аукцион 2024 жылдың 3 шілдесінде Көкшетау қаласы, Ақан сері көшесі, 92 үй мекенжайында, Астана уақыты бойынша сағат 15.00-де өтеді. Сенімді өкіл Евгений Андреевич Серков, мекенжайы: Мәлік Ғабдуллин көшесі, 46, тел. +77778961555.

### ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы  
Тел.: 8(727) 292-43-43,

8 (708) 929-98-74

E-mail:  
[zanreklama@mail.ru](mailto:zanreklama@mail.ru)

### ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media page kz» ЖК, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтолық көшесі, 4Б, 2 қабат, 3 кеңсе, [www.zangazet.kz](http://www.zangazet.kz), WhatsApp: 8 707 388 40 80.

ИП «Profy Agency kz»  
Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83, 8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99.  
г. Алматы, пр.Абылай хана, 60, оф.509  
e-mail: [zan-info@mail.ru](mailto:zan-info@mail.ru), [www.zan-info.kz](http://www.zan-info.kz)

«KAİROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22.  
E-mail: [kaldybayeva@mail.ru](mailto:kaldybayeva@mail.ru). Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов қ. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: [pazar.reklama@gmail.com](mailto:pazar.reklama@gmail.com)

ЖК «Trade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жанбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747) 8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Калиасқаров Нұрлан Нұргисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KAZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: [zan-at@mail.ru](mailto:zan-at@mail.ru).

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777) 402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (аудандан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Вьдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.